


 **ЯДЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
КАЗАХСТАНА**

№ 3 (35) 2014



**АТОМДЫҚ ЭНЕРГОКОМБИНАТ – ҚАЛА ИГІЛІГІ ҮШІН
АТОМНЫЙ ЭНЕРГОКОМБИНАТ – НА БЛАГО ГОРОДА
NUCLEAR POWER COMPLEX
– FOR THE BENEFIT OF THE CITY**

**ЯДРОЛЫҚ ЖАРЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
САЛДАРЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ
МОНИТОРИНГ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ
И ИХ ПОСЛЕДСТВИЙ
MONITORING OF NUCLEAR TESTS
AND THEIR CONSEQUENCES**



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Қазақ даласындағы балама қуат2	Ядролық жарылыстар және олардың58
Альтернатива, рожденная	салдарын мониторингілеу
в казахстанских степях	Мониторинг ядерных испытаний
Alternative born in kazakhstan steppe	и их последствий
	Monitoring of nuclear tests and their
	consequences
Өнеатом энергетикасының қауіпсіздігі8	Біреуде екеу65
Безопасность атомной энергетики	Два в одном
Nuclear power safety	Two-in-one
Азиядағы ядролық кооперация 20	Келешегі зор жастар68
Ядерная кооперация в Азии	Молодые и перспективные
Nuclear cooperation in Asia	Young and perspective
Радиоактивті «жақсылық» қайда көбірек25	Еліктеуге тұрарлық көкшоқы72
Где больше радиоактивного «добра»	Кокшоки: пример для подражания
Where there are more radioactive «goods»	Kokshoky as an example to follow
Ұлттық мәлімет орталықтарының28	«Бетпак Дала» БК» ЖШС-ның76
зерттеулері және технологиялық дамуы	жаңа белестері
Исследование и развитие технологий	Новые рубежи ТОО «СП «Бетпак Дала»
национальных Центров данных	New frontier of «JV «Betpak Dala» LLP
Research and development of technologies	
For national data centers	
Атомдық энергокомбинат32	«СТК» ЖШС – қауіпсіз әрі жайлы82
– қала игілігі үшін	тасымалдың кепілі
Атомный энергокомбинат – на благо города	Безопасные и комфортабельные
Nuclear power complex	перевозки – это ТОО «ТТК»
– for the benefit of the city	Safe and comfortable transportation
	– it is «TTC» LLP
Зиянды уран несімен пайдалы ?38	Көрнекті адам жайлы естелік88
Чем полезен вредный уран ?	В память о выдающемся человеке
What is good with hazardous uranium ?	In commemoration of outstanding person
Алғашқы қайта өңдегіш мобильді 43	Уран өндіретін кәсіпорындарда радон94
жиынтықты іске қосу	мен торонды автоматты бақылау жүйесі
Запуск первого мобильного	Автоматическая система контроля радона
перерабатывающего комплекса	и торона на уранодобывающих предприятиях
Launching the first mobile processing complex	Automatic system for radon and thoron control
	at uranium mining enterprises
SAIGA құрылғысын ядролық сынақтарға46	Зарядталған жеңіл бөлшектердің ¹¹ B100
әзірлеу	ядроларымен өзара әрекеттесуін
Подготовка к реакторным испытаниям	тәжірибелік және теориялық зерттеу
устройства SAIGA	Экспериментальное и теоретическое
Preparation for in-reactor tests of SAIGA	изучение взаимодействия легких
experimental device	заряженных частиц с ядрами ¹¹ B
Ұтқыр ой, тиімді шешім.....52	Experimental and theoretical study
Эффективное решение	of interactions of light charged particles
Viable solution	with ¹¹ B nuclei



ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАМА ҚУАТ

Күн желге көмектеседі

Мемлекет басшысы жариялаған «жасыл» экономика бағытына сәйкес Қазатомөнеркәсіп 2010 жылы компания үшін мүлде жаңа сала – күн энергетикасымен шұғылдана бастады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстанның қуат жүйесіне Күнді «қосу» нағыз қиялдан аумайтын. 2009 жылы Владимир Школьник ұлттық атом компаниясын басқаруға келгенде-ақ жаңартылатын энергетиканың болашағы туралы айта бастағанда көпшілік бұған сақтықпен қарағанды. Сонда энергетиктер де, бизнесмендер де мұның тиімсіз, техникалық тұрғыдан күрделі екенін айтып, бұған ондаған жылдардан кейін оралайық дегендей сыңай танытқан. Алайда «жасылдар» мен ынтагерлер белсенді мемлекеттік саясаттың және Елбасы Н. Назарбаевтың жеке қолдауының арқасында дәстүршілдер мен күдікшілдерді ысырып, сонымен бірге қоғамдық пікірді де өзгертті. Нәтижеде Қазақстанда жасыл энергетикалық лобби қалыптасып, осы мәселедегі белсенді қоғамдық ұстанымдар әзірленді және отандық балама энергетиканың алғашқы өскіндері де пайда бола бастады.

– 2010 жылғы қазанда Елбасының Францияға жасаған сапары барысында Қазақстанда кремнийлі күн энергетикасын құру және дамыту тура-

лы Kazakhstan Photovoltaic (KazPV) жобасы бойынша келісімге қол қойылды, - деп әңгімелейді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ Басқарма Төрағасы Владимир Школьник. – Оны іске асыруға Қазақстанның жер қойнауындағы жоғары сапалы кварцтың мол қоры негіз болады. Француздық тараптан жобаны әзірлеу және жүзеге асыру Атом энергетикасы және балама қуат көздері жөніндегі комиссариатқа, қазақстандық жағынан Қазатомөнеркәсіпке тапсырылды.

Сол кездің өзінде Қазақстанның өз дайын ылыми зерттемелері болды. Заңнамалық тұғырнама жасалды, ең бастысы шикізат базасы – кварцтың бірегей кен орны Сарыкөлдің барланған қоры 1,7 млн тоннаға бағаланған, сондай-ақ ресурстық база – зор күн әлеуеті бар.

Қазақстанда қысқа мерзім ішінде ЖҚК дамытып қана қоймастан, кварц шикізатынан бастап, күн элементтерінің жоғары технологиялық өнімдерін шығаруға дейінгі сатылас интеграцияланған өндіріс орны құрылды. Жобаның маңызды артықшылығы да осында: бүкіл үдеріс бір орталыққа бағындырылған және өнім өндіру үшін барлық

нәрсе жеткілікті. Әлемде мұның ұқсасы жоқ, бір жерде шикізат болса да, өндірістік база немесе технология жоқ. Бір жерде пластина шығарғанымен, шикізаты жоқ. Мысалы, жоба бойынша серіктес саналатын Францияның өзінде тастан панельге дейінгі біздегідей тізбек жоқ. Бұл өндірістік тізбекте 4 өндірістік нысан бар: Алматы облысындағы Үштөбе қаласында «Kaz Silicon» МК» ЖШС кварц кен орнын игеріп, алынған кремний күн сапасына дейін тазартылады; Өскемен қаласындағы «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС дайын шикізаттан құймалар әзірлеп, оларды блоктар мен пластиналарға бөледі де, күн модуліндегі негізгі құрамдас компонент – фотоэлектрлі ұяшықтарды шығарады; Астана қаласындағы «Astana Solar» ЖШС осы ұяшықтардан күн модульдерін құрастырады. Бәрін ретімен баяндайық.

Кварцтан – кремний

Күн сапасындағы кремний өндірісі – жоғары технологиялық сала.

— «Жоғары технология» деген терминнің өзі микроэлектронды өнеркәсіптен, кремнийлі технологиядан пайда болған, - деп әңгімелейді «Kaz Silicon» МК» ЖШС бас директоры Даниель Скаков. – Күн элементтерін, күн батареяларын тазалығы 99,9999% құрайтын күн кремнийлерінен ғана жасауға болады. ҚазСиликонда алынатын металлургиялық кремнийдің тазалығы 98,99%, түрлі қоспалардан тұратын қалған 1-2% арнайы тазартылады.

— Кәсіпорын қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталған, газдарды тазалайтын жүйе пайдалануға берілген. Жаңа сертификатталған зертхана қоспалар мөлшерін, олардың құрамын бақылауға мүмкіндік береді. Мұнда бірегей аспаптар, мысалы, 18 минут ішінде зерттеу нәтижесін көрсететін спектрометр орнатылған. Өндірістің барлық сатысында: тазартуға дейін, тазарту кезінде және қорыту барысындағы түпкілікті тазартудан кейін сынамалар алынып отырылады.

KazPV жобасының жетекшісі Азат Бетекбаевтың айтуынша, осы шикізат базасы барлық табыстың кепілі болып, елімізді жаңа технологиялық және инновациялық деңгейге шығармақ. ҚазСиликон шын мәнінде отандық кремний саласының базасына айналған. Бұл саламен әлемнің барынша бәсекеге қабілетті 50 елінің клубына нық сеніммен кіруге болады. Оны айтпағанда, бұл шоғырда небәрі сегіз-ақ

мемлекет бар. Осының өзі-ақ зауыт туралы мемлекеттік ауқымдағы инновациялық жоба деп айтса болғандай.

Жоғарғы бөліс

Үштөбедегі зауытта кремний алынып, ол «күн» сапасына дейін тазартылатын болса, Өскемендегі «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС дайын шикізаттан құймалар жасалып, олар одан әрі блоктарға блоктарға, пластиналарға кесіледі де, түптің түбінде фотоэлектрлі ұяшықтар – күн модулінің негізгі құрамдас бөлігі алынады. Бұл өзі жобаның барынша күрделі әрі технологиялық буыны болып табылады. Соның өзінде зауыттың бүкіл инфрақұрылымын жасап, ғимаратты ең қатаң стандарттарға сәйкестендіру (өндіріс абсолюттік тазалық пен температуралық режимді талап етеді) және ең заманауи жабдықтармен жабдықтауға екі жылдай ғана уақыт кетті. Қазақстанның шығысындағы суық климатты ескерсек, бұл да нағыз қиялғажайып ертегі сияқты.

Бүгінде зауыттың үздіксіз жұмыс істеуін жоғары санаттағы 400 маман қамтамасыз етіп келеді. Бұл салада үстірт ойлайтындар болуы да мүмкін емес.


— Мұндағы орнатылған пластиналар мен ұяшықтар шығаратын қазіргі заманғы ең озық жоғары технологиялық өндіріс пайдалы қызмет коэффициентінің жоғары деңгейін сипаттайды, - деп әңгімелейді «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС бас директоры Василий Ли. – Жыл сайын зауыт 16,5 млн фотоэлектрлі ұяшықтар шығаруға дайын. Бұл дегеніңіз 60 мегаватт энергиямен тең.

Kazakhstan Solar Silicon екі технологиялық тармақтан тұрады: кремнийлі пластиналар өндірісі және фолтоэлектрлі пластиналар өндірісі. Бұл инновиялық өндіріс саналады, себебі жұмыс барысында ауаға шығарылатын парникті газдар барынша шектелген.

Үштөбедегі комбинат пен Өскемендегі зауытта қолданылып жатқан инновациялық шешімдер балама энергетика саласында тың серпін жасауға мүмкіндік береді. Францияның Атом энергиясы және жаңартылатын қуат көздері жөніндегі комиссариатының бас әкімгері Бернар Бигоның айтуынша, бұл технологияларды меңгеру Қазақстанның алдынан жарқын мүмкіндіктер ашып, болашақта бәсекеге қабілетті болуына кепіл болады.

Мақаланың жалғасын журналдың жаңа шыққан нөмірінде оқыңдар

**Кристина Подшивалова,
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ»**



АЛЬТЕРНАТИВА, РОЖДЕННАЯ В КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЯХ

ALTERNATIVE BORN IN KAZAKHSTAN STEPPE

Солнце в помощь ветру

Sun assisting wind

В 2010 году в соответствии с провозглашенным курсом Главы государства на «зеленую» экономику Казатомпром занялся новым для себя направлением: солнечной энергетикой.

Еще несколько лет назад «влиять» Солнце в энергосистему Казахстана казалось научной фантастикой. В 2009 году, когда Владимир Школьник возглавил национальную атомную компанию и заговорил о перспективности возобновляемой энергетики, это было воспринято с осторожностью. Тогда и от энергетиков, и от бизнеса, можно слышала пространные доводы о том, что это нерентабельно, технически сложно, дескать, давайте лет через десять поговорим. Но «зеленые» и энтузиасты при активной проводимой государственной политике и личной поддержке Президента страны Нурсултана Назарбаева потеснили традиционалистов и скептиков, а заодно поменяли общественное мышление. В итоге в Казахстане сложилось не просто зеле-

In 2010, under the line proclaimed by the Head of State to «green» economy, Kazatomprom embarked upon a new direction for itself: solar energy.

A few years ago, «introducing» Sun into the Kazakhstan power system seemed like science fiction. In 2009, when Vladimir Shkolnik headed the National Atomic Company and started speaking about the prospects of renewable energy, this was accepted with caution. Then one could hear voluminous arguments from both power engineers, and the business that it was not profitable, technically difficult, purporting that let's talk in ten years. But «green» and enthusiasts, under active government policies and the personal support of the President Nursultan Nazarbayev, pressed the traditionalists and skeptics, and besides changed the social thinking. As a result, not just green energy lobby has been developed in Kazakhstan; an active public position on this issue developed,

ное энергетическое лобби, выработалась активная общественная позиция по этому вопросу, но и проросли первые ростки отечественной альтернативной энергетики.

— В октябре 2010 года состоялся визит Главы государства во Францию, во время которого было подписано соглашение по проекту Kazakhstan Photovoltaic (KazPV) – о создании и развитии кремниевой солнечной энергетики в Казахстане, – рассказывает председатель правления НАК «Казатомпром» Владимир Школьник. – Основой для его реализации является наличие в недрах Казахстана громадных запасов высокочистого кварца. С французской стороны разработка и реализация проекта была поручена Комиссариату по атомной энергетике и альтернативным источникам энергии, с казахстанской стороны – НАК «Казатомпрому».

К тому моменту в Казахстане уже были собственные научные наработки, в первую очередь запатентованный Виндатор Болотова, были предприятия, пытавшиеся наладить выпуск металлургического кремния. Была сформирована законодательная платформа, и главное, имелись: сырьевая база – уникальное Сарыкольское месторождение жильного кварца, разведанные запасы которого оцениваются в 1,7 млн. тонн, а также ресурсная база – огромный солнечный потенциал.

В самые короткие сроки в Казахстане не просто стали развиваться ВИЭ, но создали вертикально интегрированное производство от кварцевого сырья до выпуска высокотехнологической продукции солнечных элементов. И это очень важное преимущество проекта: в Казахстане весь процесс находится под одним началом, и для производства продукции всё имеется. В мире такого больше нет, где-то есть сырье, но нет производственной базы или технологий. Где-то производят пластины, но нет сырья. Например, даже у партнеров по проекту – во Франции не существует такой цепочки, как здесь: от камня до панели. В этой производственной

but also the «braids» of domestic alternative energy broke through.

— In October 2010, the Head of state visited France, where he signed an agreement for the Kazakhstan Photovoltaic (KazPV) project – on establishment and development of silicon solar energy in Kazakhstan – the «NAC «Kazatomprom» Chairman Vladimir Shkolnik says. – The basis for its implementation is available huge in-situ reserves of high purity quartz in Kazakhstan. The French side entrusted the development and implementation of the project to the Commissariat for Atomic Energy and Alternative Energy Sources, the Kazakh side – to «NAC «Kazatomprom».



By that time, Kazakhstan already had its own scientific developments, primarily patented Bolotov Windrotor, there were companies trying to set up production of metallurgical grade silicon. Legislative platform was shaped, and most importantly, there were: raw material base – a unique Sarykol deposit of gangue quartz, which explored reserves were estimated at 1.7 million tons, as well as the resource base – a huge solar potential.

Within a very short time Kazakhstan not just began to develop renewable energy sources (RES), but also created a vertically integrated production from quartz raw material to production of advanced technology products of solar cells. And this is a very important advantage of the project: whole process in Kazakhstan is under one onset, and everything is available for production of outputs. There is no other such place in the world, somewhere there is a raw material, but there are

связке 4 производственных объекта: кварцевое месторождение и комбинат по его очистке до солнечного качества - ТОО «МК «Kaz Silicon» в Уштобе, завод по производству серых пластин и фотовольтаических ячеек в Усть-Каменогорске, и, наконец, завод по сборке солнечных панелей ТОО «Astana Solar» в Астане. Обо всём по порядку.

Из кварца – в кремний

Производство кремния солнечного качества – сфера высокотехнологичная.

— Даже сам термин «высокие технологии» появился из микроэлектронной промышленности, из кремниевых технологий, – рассказывает генеральный директор ТОО «МК «Kaz Silicon» Даниель Скаков. Солнечные элементы, солнечные батареи можно производить из солнечного кремния, чистота которого составляет 99,9999. Metallurgical кремний, который получают на «Казисилконе», имеют чистоту 98-99%, а 1-2% - это различные примеси, от которых его нужно очистить.

Предприятие оснащено современным оборудованием, введена в эксплуатацию система по очистке газов. Контролировать уровень примесей, их состав позволяет новая сертифицированная лаборатория. Здесь установлены уникальные приборы, в том числе спектрометр, выдающий результат за 18 минут. Отбор проб производится на всех этапах производства: до рафинирования, во время его и после окончательной очистки при сливе.

Как отмечает руководитель проекта KazPV Азат Бетекбаев, именно сырьевая база является главным залогом успеха и выводит страну на новый технологический и инновационный уровень. «Kaz Silicon», по сути, является базой кремниевой отрасли республики. Отрасли, с которой можно смело идти в клуб 50 наиболее конкурентных стран мира. Ибо даже в этой достойной когорте всего семь стран. Что уже сегодня позволяет говорить о заводе как об инновационном проекте государственного масштаба.

Высокий передел

Если на заводе в Уштобе осуществляется получение кремния и его очистка до «солнечного» качества, то на заводе ТОО «Kazakhstan Solar Silicon» в Усть-Каменогорске из готового сырья производят слитки, их распил на блоки и пластины, и, в конечном итоге, получают фотовольтаические ячейки – основной составляю-

no production facilities or technologies. There are plates produced somewhere, but no material is available there. For example, even the project partners - France has not such chain, like here: from stone to panel. This production chain includes 4 production facilities: a quartz deposit and plant refining quartz to solar grade – «MC «Kaz Silicon» LLP in Ushtobe, gray plates and photovoltaic cells plant in Ust-Kamenogorsk, and finally, solar panel assembly plant «Astana Solar» LLP in Astana. First things first.

From quartz - to silicon

Production of solar grade silicon is a high-tech application.

— Even the term «high-tech» itself emerged from the microelectronics industry, from silicon technology - General Director of «MC «Kaz Silicon» LLP Daniel Skakov tells. Solar cells, solar panels can be produced from solar silicon purity of which is 99.9999. The metallurgical silicon produced by Kazsilicon has a purity of 98-99% and 1-2% different impurities, from which it has to be cleaned.

The enterprise is equipped with advanced equipment, has commissioned gas cleaning system. New certified laboratory allows monitoring of the level of impurities, their content. Here there are unique instruments installed, including spectrometers showing results in 18 minutes. Sampling is carried out at all stages of production: before refining, in the process and after the final purification when pouring.

As the project manager KazPV Azat Betekbayev noted, it is the raw material base that is main formula for success and propels the country to a new level of technology and innovation. «Kaz Silicon», in fact, is the base of the silicon industry of the country. Industry, which you can confidently enter with to the club of 50 most competitive countries in the world. Since even this dignified cohort includes just seven countries. That even today allows us to speak about the plant as an innovative project of national importance.

High processing

Whereas the plant in Ushtobe extracts silicon and refines it to solar grade, the factory of «Kazakhstan Solar Silicon» LLP in Ust-Kamenogorsk produces ingots from finished raw material, cuts them into blocks and plates, and, eventually, obtains photovoltaic cell – the main components of the solar module. This is the most complex and producible element of the project. And full creation

щий компонент солнечного модуля. Это наиболее сложное и технологичное звено проекта. Причем полностью создать всю инфраструктуру завода, подвести его помещения под самые строгие стандарты (производство требует абсолютной чистоты и температурных режимов) и оснастить завод наиболее современным оборудованием удалось менее чем за два года! Что, согласитесь, с учетом суровых зим на востоке Казахстана, просто на грани фантастики.

Сегодня бесперебойную работу завода обеспечивают более 400 специалистов высшей категории. В прочем, дилетантов в этой отрасли вряд ли можно найти.

- Здесь самое современное высокотехнологичное производство пластин и ячеек, характеризующихся высоким уровнем коэффициента полезного действия, – рассказывает генеральный директор ТОО «Kazakhstan Solar Silicon» Василий Ли. Ежегодно завод готов производить 16,5 миллиона фотовольтаических ячеек. Это не менее 60 мегаватт энергии.

«Kazakhstan Solar Silicon» состоит из двух технологических линий: линии производства кремниевых пластин и линии производства фотовольтаических пластин. Производство является инновационным, поскольку позволяет свести к минимуму выбросы парниковых газов в атмосферу.

Инновационные решения, которые применяются на уштобинском комбинате и усть-каменогорском заводе, позволяют осуществить подлинный прорыв в альтернативной энергетике. По словам генерального администратора Комиссариата по атомной энергии и возобновляемым источникам энергии Франции Бернара Биго, освоение этих технологий открывает перед Казахстаном большие перспективы и может стать залогом конкурентоспособности в будущем.

Продолжение статьи читайте в следующем номере

**Кристина Подшивалова,
НАК «Казатомпром»**

of the entire infrastructure of the plant, matching its premises to the strictest standards (production requires absolute cleanliness and temperature modes) and equipping the plant with the most advanced equipment were achieved in less than two years! You must admit that, subject to harsh winters in eastern Kazakhstan, is just bordering on fantasy.

Today over 400 highly qualified professionals ensure smooth operation of the plant. Though, the amateurs can hardly be found in this industry.

— Here is the advanced high-tech production of wafers and cells characterized by high degree of efficiency, - General Director of «Kazakhstan Solar



Silicon» LLP Vassilii Lee told. Annually the plant is able to produce 16.5 million photovoltaic cells. That is at least 60 megawatts of power.

«Kazakhstan Solar Silicon» consists of two production lines: line of silicon wafers production and photovoltaic wafer production line. Production is innovative as it enables to minimize the green-house gas emissions. Innovative solutions used at Ushtobe plant and Ust-Kamenogorsk plant allow a real breakthrough in alternative energy. As per the general administrator of the Commissariat for Atomic Energy and Renewable Energy of France Bernard Bigot, the development of these technologies enables great prospects for Kazakhstan and may become the guarantee of future competitiveness.

The continuation of the article read in the next issue

**Christina Podshivalova,
«NAC «Kazatomprom»**



Атом энергетикасының қауіпсіздігі әрдайым Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы ғалымдарының басты міндеттерінің бірі болатын. Бұған орталық жетекшісі, физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР РТҒА академигі – Эрлан Батырбеков берген сұхбатта көз жеткізуге болады.

Басты доминанта – атом энергетикасының қауіпсіздігі

Эрлан Гадлетұлы, тарихқа біршама көз жүгіртейік, сіздің әкеңіз, елде танымал ғалым-физик Қазақстан Республикасының жаңадан құрылған Ұлттық ядролық орталығының басшысы болып тағайындалған кезді – 20 жыл бұрынғы кезді еске түсірейік. Сол қиын 90-шы жылдар. Әскерилердік кетуінен кейін Курчатов қаласы жылусыз, қаражатсыз, болашақсыз қалды. Қарт кісілердің айтуынша НПО «Луч» Подольск біріккен экспедициясының бір жарым мың маманы өз жанұяларымен бірге жақсы үлесті іздеу

мақсатында үйреншікті орындарын тастап кетуге дайындалып, шабадандарын жинап отыратын. Мұндай қадамның салдары жайлы ойлаудың өзі қорқынышты, себебі нәтижесінде үш ядролық реактор қараусыз қалар еді. Адамдарды сабырға келтіру, оларға үміт беру қажет болды. Олардың көмегімен Марсқа ұшу жоспарланған ядролық ракеталық қозғалтқыштар керексіз болып қалды... Қылыштан соқа жасау қиын болды ма?

— Ия, менің әкем Батырбеков Гадлет Андиянұлы ҚР Ұлттық ядролық орталығының негізін құрды және бірінші басшысы болды. Бұл жайға 1991 жылдың қазан айында еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының тарихи

шешімінен кейін Семей сынақ полигонының жабылуы айтарлықтай септігін тигізді. ССП кәсіпорындарының ғылыми, өндірістік және кадрлық келешегін сараптау мақсатында мемлекеттік комиссия құрылды, комиссия мүшелерінің бірі – менің әкем. Осы комиссия жұмысының негізгі қорытындысы – «Семей сынақ полигонын Кеңестік-республикалық ғылыми-зерттеу орталығына айналдырудың негізгі бағыттары» атты құжат. Осы құжат еліміздің Ұлттық ядролық орталығын құрудың жаршысы болды. Қаланы құтқару сол кезеңнің жасампаз, конверсиялық қызметімен бір қатарда тұратын маңызды мәселелерінің біріне айналды. Коммуналдық шарушылыққа қызмет көрсететін әскери бөлімшелер қаланы қыс мезгілінде тастап кеткендігінен қала жылусыз қалды. Бұл ҰЯО барлық институттарының инженерлік-техникалық қызметкерлері күштерінің жұмылдыруын талап етті, олар қала қызметтерімен бірге «жағдайды құтқарды», аязға байланысты жарылып кеткен жылу жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қаланы құтқару сол кезеңнің басты жетістігі – аса қиын жағдайда ССП ғылыми және техникалық потенциалын сақтап қалуға және оның негізінде ҚР Ұлттық ядролық орталығын құруға септігін тигізді. Құрылған институттар қазір де өз жұмыстарын сәтті жалғастыруда. Сол жылдары басталған және дамытылған ғылыми қызметтің көптеген бағыттары өзектілігін жоғалтқан жоқ және ары қарай дамуға бет алды. Дәл сол кезеңде ҚР ҰЯО Жапония ұйымдары мен институттарымен ынтымақтастығы басталды. Бірінші коммерциялық келісім-шарттарға қол қойылды, сол келісім-шарттар арқасында біз ауыр апаттар бойынша өз артықшылығымызды сақтап қана қоймай, осы бағыт бойынша әлемдік кәсіпкерлер қатарына ендік.

— Мен ядролық физика ғалымдарынан мынадай пікір естідім: егер Кеңес Одағында оқыс жағдайлардағы реактор күйін, белсенді аймақтың бұзылуын қоса алғанда, зерттеулермен айналысқанда, Чернобыль апаты болмас еді.

— Жағдай басқаша. КСРО-да және әлемде мұндай зерттеулер атом энергетикасы басталғаннан бері жүргізіледі. Чернобыль апатының себептері – реактор конструкциясының техникалық жетіспеушіліктері мен адамдық факторлар (регламентті бұзу). Дегенмен, 1979 жылғы америкалық Three Mile Island АЭС болған апат және одан жеті жыл кейін болған Чернобыль АЭС-ғы апат ядролық реакторда

«ауыр» апат кезінде жүретін процесстерді зерттеуде аса белсенділіктің тууына септігін тигізді. ҰЯО ғалымдары апат пайда болу себептерін емес, апат кезінде жүретін процесстерді зерттеумен айналысатындығын атап өткен жөн. Бұл осындай апатты процесстерді басқаруды үйрену және олардың салдарын барынша азайту үшін жасалады. Біздің осы бағытта жетістіктерге жеткендігіміз сөзсіз.

— Жапондықтар неліктен сіздерді таңдады?

— Бұған Қазақстанның КСРО-дан қалған ядролық қарудан бас тартқандығы және полигонды жапқандығы үлкен септігін тигізді. Бірақ, бірінші кезекте жапондық мамандарды біздің зерттеулер нәтижелері және ерекше мүмкіндіктеріміз қызықтырды. Мысалы, ИГР реакторы өзінің «үлкен» жасына қарамастан, әлі күнге дейін әлемдегі зерттеу реакторлары ішінде өз класы бойынша жақсысы болып есептеледі. Мүмкін «мәселе құны» да белгілі роль атқарған шығар. Батыста осындай тәжірибелер жүргізу құны қымбат еді.

— Осы жылдар ішінде жапондық мамандармен бірге жүзеге асырған жобалардың ең маңыздыларын атап өтсеңіз.

— Соңғы жиырма жыл ішінде «ҚР ҰЯО» РМК жапондық ұйымдармен бірге техникалық тұрғыдан бірегей бірнеше үлкен жобаны іске асырды. Ең алғашқысы – COTELS жобасы. Nures және Marubeni компанияларының мамандарымен бірге осы жоба шеңберінде жеңіл сулы энергетикалық реакторда «ауыр» апат кезінде белсенді аймақтың балқуымен қатар қатар жүретін процесстерді зерттеулер жүргізілді. Тәжірибелер осы мақсат үшін арнайы жасалған АНГАРА стендіде және ИГР реакторында жүргізілді. АЭС ауыр апатты басқару және оның салдарын азайту мүмкіндігін дәлелдеген өте бағалы мәлімет алынды. Біздің балқыған белсенді аймақтың сумен, бетонмен, металл конструкциялармен әрекеттесуі бойынша алған нәтижелеріміз халықаралық деңгейде мойындалды.

Жапония Атом энергия бойынша агенттігімен (JAEA) бірге орындалған EAGLE жобасы да маңызды, жоба қазіргі таңда Жапонияда жасалып жатқан натрий жылу тасығышы бар жылдам нейтрондардағы коммерциялық реакторы – АЭС қауіпсіздігінің басты мәселелерін шешуге бағытталған. Жобаның басты нәтижесі – апат кезінде балқыған отын бөлігін белсенді аймақтан тыс жерлерге бағытталған (бақыланатын) орын ауыстыру үшін белсенді аймақта арнайы конструкцияларды пайдалану мүмкіндігін көрсету. Бұл кризистік күйдің

қайталануынан сақтайды. Алынған бірегей нәтижелердің арқасында JAEA өкілдерімен осындай зерттеулерді жалғастыру жайлы келістік.

— Менің келесі сұрағым осы жайлы болмақ. Жапония ядролық энергетикасы қазір қиын кезеңде. «Фукусима-1» апатынан кейін мықты ғылыми саланың — Күншығыс елінің мақтанышының тағдыры шешілуде. Меніңше, құрамында Қазақстандағы Жапония Төтенше және өкілетті елшісі — М. Камохара мырза бар өкілетті делегация жақында Курчатов қаласына тек атом саласындағы жиырма жылдық ынтымақтастықты тойлауға ғана келмеген шығар. Болашақ ортақ зерттеулер ядролық қауіпсіздікпен, соның ішінде «Фукусима-1» апатының салдарын жою мәселелерін шешумен байланысты болатындығын болжауға болады.

— Шынында, біздің 20-жылдық ғылыми-техникалық сәтті ынтымақтастығымыз текке кеткен жоқ. Біз бірге бастаған «ескі» жобаларды жалғастыру жайлы келістік, сонымен қатар Жапонияға да, Қазақстанға да маңызды бірнеше жаңа жұмысты бастадық. TOSHIBA және Marubeni корпорацияларымен CORMIT жаңа жобасы шеңберінде зерттеулерді жүзеге асыру келісім-шартына қол қойылды. Жобаның басты мақсаты — жеңіл сулы реактор белсенді аймағы балқымасының реактор қақпанының бетондық негізіне жағылуы мүмкін жоғары температуралы әртүрлі қорғаныш материалдарымен әрекеттесу процесін зерттеу. Қазіргі таңда Marubeni компаниясымен бірге «Фукусима» (Fukushima) жобасы бойынша жаңа ортақ зерттеулерді жоспарлау аяқталуда. Зерттеулер «Фукусима-1» АЭС реакторларының белсенді аймақтарының қатып қалған балқытпалары үлгілерінің қасиеттерін модельдеуге және зерттеуге бағытталған. Сондай-ақ біз зерттеулерімізге басқа елдерді де қызықтырдық. Осы жылы біз Франция Атом энергиясы және балама энергия көздері комиссариатымен (CEA) бірге «Сайга» атты (Saiga) үлкен жобаны бастадық. Бұл жоба шеңберінде жобаланып жатқан ASTRID жаңа буын реакторының белсенді аймағы конструкциясын сынау көзделіп отыр. Франциялықтар атом энергиясын бейбіт пайдаланудың басқа да салалары бойынша ынтымақтастықты ұсынып отыр, атап айтсақ, жеңіл сулы реакторлар қауіпсіздігі мәселелері бойынша. Ал жеңіл сулы реакторлар әлемде қолданылатын реакторлардың 80% құрайды. ҚР ҰЯО жаңа буын MYRRHA

реакторын жасаумен айналысатын халықаралық консорциум мүшесі болып табылады. MYRRHA — көп функционалды, жылдам нейтрон энергетикалық спектрлі, субкризистік және кризистік режимдерде жұмыс істей алатын, протондық үдеткіш арқылы іске қосылатын реактор. Консорциум шеңберінде біз осы реактор қауіпсіздігін негіздеу бойынша жұмыстарға да жауаптымыз.

— Белсенді аймақтың балқуымен, қатып қалған балқытпаны алумен байланысты «ауыр» апаттарды модельдеу жұмыстары қауіпті ме?

— Мұндай жұмыстарды орындау үшін реактор ішілік жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі нормативті талаптарын қатаң ұстана отырып күрделі тәжірибелік қондырғылар және құрылғылар жасалады. Мұның бәрі тәжірибе жүргізу қауіптілігін барынша азайту үшін жасалады. Тәжірибе жүргізу барысында зерттелетін процесстер нақты шарттарды тек модельдейді және нақты оқиғалардың энергетикалық масштабтарынан алшақ.

— Ғылыми-зерттеу реакторлары байытылған уранда жұмыс істейді. Таратпау режиміне сәйкес АЭХА байыту деңгейін төмендету арқылы осындай реакторлар белсенді аймағын жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты біздің реакторлардың техникалық қасиеттері нашарламайды ма? Бірегейлігін жоғалтып алмайды ма?

— АЭХА мұндай талаптары жоғары байытылған уранды рұқсатсыз тарату мүмкіндігін азайту қажеттілігімен анықталады. Сондықтан ҰЯО АҚШ Энергетика департаменті мен Аргон ұлттық зертханасының демеуімен өзінің зерттеу реакторларының отынының байытылуын төмендету бойынша жобаны орындауға кірісті. Осы жылы жобаның бірінші кезеңі — есептік-теориялық негіздеу аяқталды. Осындай конверсияны реактордың техникалық қасиеттерін нашарлатпай жүргізудің теориялық мүмкіндігі дәлелденген соң, біз екінші кезеңді — РФ төмен байытылған ураннан арнайы жасалған тәжірибелік отынға сынақ жүргізуді жүзеге асыруға кірістік. Ал белсенді аймақты толығымен төмен байытылған отынға көшіру жайлы шешім осындай сынақтар сәтті өткеннен кейін және реакторлардың техникалық және бірегей қасиеттерінің сақталуы дәлелденгеннен кейін ғана қабылданады.

— Біз талқылап отырған тақырыптан кішкене ауытқысақ қалай. Қазақстандық материалтанушылық ТОКАМАК жайлы сұрағым бар.

Оны жасауды бастаған біздің Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев пен академик Велихов. Бірегей техникалық сипаттамалары бар ерекше аппарат пайда болды. Менің білуімше тамаша топ құрылды және жақсы көрсеткіштерге ие плазма алынды. Қондырғыны толығымен іске қосуға қандай кедергі бар?

— ҚР нормативті-техникалық базасының жетілмегендігіне байланысты техникалық жағынан күрделі осындай ТОКАМАК секілді объектілерді салу барысында белгілі қиындықтар бар. Атап айтсақ, біз бюджеттік заңнама саласында және архитектура, қала салу және құрылыс қызметтері жайлы заңға байланысты белгілі қарама-қайшылықтарға тап болдық. Қазіргі таңда осы мәселелерді шешуде көптеген жұмыстар атқарылуда және айқын нәтижелер бар. Осы маңызды объекті құрылысын қаржыландыру келесі жылы қалпына келеді деп үміттенемін. Себебі ұраны «Болашақ энергиясы» болып табылатын ЭКСПО-2017 ашылуы қарсаңында бізге КТМ пайдалауға беру өте қажет, термоядролық синтез — болашақ энергиясының бірі ғой.

— Курчатов қаласында үлкен қуатты энергетикалық реактор салу жайлы көптен күткен шешім қабылданды. Қазақстанда алғашқы АЭС салу негіздемесімен байланысты мәселелерді шешуде ҰЯО мамандарының үлесі қандай?

— Біз Қазақстанның басқа институттары мен ұйымдарымен бірге, JAPC Жапония компаниясының әдістемелік демеуімен Қазақстанда атом электрстанциялары құрылысын негіздеу үшін техникалық-экономикалық зерттеулер жүргіздік. Біздің зерттеулер нәтижелері АЭС салу орнын анықтау бойынша мекемеаралық жұмыс тобы мен мемлекеттік комиссияны шығаруға негіз болды. АЭС құрылысы үшін Балқаш көлінің аймағы — Үлкен елді мекені және Курчатов қаласы аймағын қарастыру жайлы шешім қабылданды. Болашақ реактор типі — жеңіл сулы, қуаттылығы — 1000 МВт дейін. Орынды таңдау жөнінде соңғы шешімді ТЭН беруі тиіс. Алғаш АЭС құрылысының барлық кезеңдерінде — ТЭН дайындау мен орынды таңдаудан энергетикалық іске қосуға дейін — ҰЯО қызметкерлерінің белсенді қатысуы көзделіп отырғандығы сөзсіз. Қазіргі таңда ҰЯО — атом энергетикасын дамытуды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жұмыстарын орындай алатын, АЭС құрылысы бойынша жұмыстарға ғылыми демеу көрсете алатын Қазақстандағы жалғыз ғылыми-зерттеу ұйымы.

— Қала маңында қуаттылығы жоғары атом электрстанциясын салу жайлы шешімді Курчатов тұрғындар қалай қабылдады? БАҚ Қазақстанда бір емес екі станция, соның ішінде төртінші буынды жапониялық реактор, салынады деген мақалалар шықты. Осы жайлы да айта кетсеңіз.

— Тұрғындар бұл шешімді оңтайлы қабылдады. Ал Қазақстандағы АЭС құрылысы жайлы Үкімет қаулысын күту керек. Бір АЭС салумен Қазақстанда атом энергетикасын дамыту шектелмейтіндігі айқын. Еліміздегі болашақ АЭС энерго-блоклары мен АЭС саны энергетикалық қажеттіліктермен анықталатын болады.

Сергей Борисов,
ҚЯҚ

ХРОНИКА CHRONICLE

9 шілде
Төмен байытылған уран (ТБУ) - жанармайын сынақтан өткізу

Ұлттық ядролық орталықтың (ҰЯО) басшысы Е.Батырбековтың сөзіне қарағанда, Қазақстандағы барлық зерттеу реакторларын жоғары байытылған уран жанармайынан ТБУ-жанармайына көшірудің алғашқы кезеңі 2014 жылы аяқталмақ; есептік-техникалық зерттеулер мұндай ауысу теориялық тұрғыдан әбден мүмкін екендігін көрсетіп отыр. Қазақстанның зерттеу реакторларын ТБУ-жанармайға көшіру туралы шешім «мұндай сынақтардың табысты болатынынақты дәлелденгенін және реакторлардың техникалық сипаты мен әмбебап ерекшеліктері сақталарына кепілдік берілгенін» барып қабылданады.

«Казахстанская правда»

9 июля
Испытания НОУ-топлива

По словам руководителя НЯЦ Э.Батырбекова, первый этап проекта перевода всех исследовательских реакторов Казахстана с топлива на высокообогащенном уране на НОУ-топливо был завершен в 2014 году: расчетно-техническое обоснование показало теоретическую возможность такого перевода. Решение о переводе исследовательских реакторов Казахстана на НОУ-топливо «будет принято только после подтверждения успешности таких испытаний и гарантий сохранения технических характеристик и уникальных особенностей реакторов».

«Казахстанская правда»

9 July
Testing Low-Enriched Uranium Fuel

Director General NNC RK Erlan Batyrbekov said that the first stage of Kazakhstani research reactors' conversion from high-enriched uranium (HEU) into low-enriched uranium (LEU) was completed in 2014. Estimated feasibility study proved theoretical potential of this conversion. Emphasized that decision regarding conversion of Kazakhstani reactors into LEU fuel will be adopted only after successful confirmation of the tests and guarantees to keep specifications and unique features of the reactors.

«Kazakhstanskaya Pravda»

БЕЗОПАСНОСТЬ АТОМНОЙ ЭНЕРГЕТИКИ

Безопасность атомной энергетики всегда была одной из главных компетенций ученых Национального ядерного центра Республики Казахстан. В этом нас убеждает интервью, которое дал его руководитель, доктор физико-математических наук, академик РАЕН РК Эрлан Батырбеков.

Главная доминанта – безопасность атомной энергетики

— Эрлан Гадлетович, сделаем небольшой экскурс в историю, оглянемся на 20 лет назад, когда ваш отец, известный в стране ученый-физик, возглавил только что созданный Национальный центр Республики Казахстан. Время лихое – 90-е годы. После отъезда военных город Курчатов остался без тепла, без денег, без перспективы. Как мне рассказывали старожилы, полторы тысячи специалистов Подольской объединенной экспедиции НПО «Луч» со своими домочадцами, сидя на чемоданах, готовы были сорваться куда глаза глядят в поисках лучшей доли. О последствиях такого шага было даже страшно подумать – без присмотра могли остаться три ядерных реактора. Нужно было успокоить людей, вселить в них надежду. Кого интересовали тогда ядерные ракетные двигатели, с помощью которых мы собирались лететь на Марс... Трудно было перековывать мечи на орала?

— Действительно, мой отец Батырбеков Гадлет Андиянович был первым руководителем и основателем Национального ядерного центра РК. Этому в значительной мере способствовало то обстоятельство, что в октябре 1991 года, после исторического решения Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, был закрыт Семипалатинский испытательный полигон. С целью анализа состояния научного, производственного и кадрового потенциала предприятий СИПа была создана государственная комиссия,

NUCLEAR POWER SAFETY

Safety of nuclear power has always been one of the main competences of scientists of the National Nuclear Center of the Republic of Kazakhstan. And it is confirmed by the interview with the director of the National Nuclear Center, Doctor of Physics and Mathematics, Academician of the Academy Natural Sciences of Kazakhstan Erlan Batyrbekov.

The main dominant is nuclear power safety

— Erlan Gadletovich, let us go 20 years back to the time when your father, a well-known physicist in our country, headed the newly created National Center of the Republic of Kazakhstan. It was hard times of the 1990s. When military units left the city, Kurchatov was left without heat, money and prospects. The old-timers told me that fifteen hundred professionals from Podolsk expedition «Luch» with their families were sitting on their suitcases ready to go anywhere in search for better life. It is frightening even to think about the consequences of such a step as three nuclear reactors could stay without servicing staff. It was necessary to appease the people, to give them hope. At that time nobody was interested in nuclear rocket engines which we were going to use to fly to Mars ... Was it hard to beat swords into plowshares?

— You are right, my father Gadlet Andiyonovich Batyrbekov was the first director and founder of the National Nuclear Center of Kazakhstan. This was the result of the historic decision of the President Nursultan Abishevich Nazarbayev to close the Semipalatinsk Test Site made in October 1991. In order to analyze the state of scientific, industrial and human potential of STS enterprises the state commission was organized, and my father was one of the members of that commis-

с одним из членов которой был мой отец. Главным итогом работы этой комиссии стал документ под названием «Об основных направлениях преобразования СИПа в Союзно-республиканский научно-исследовательский центр». Что и стало предвестником создания Национального ядерного центра страны.

Наряду с созидательной, конверсионной деятельностью одной из важнейших задач того периода стало банальное спасение города. В зимнее время его оставили военные подразделения, обслуживающие коммунальное хозяйство, – город «вымерзал». Это потребовало мобилизации усилий инженерно-технических работников всех институтов НЯЦа, которые вместе с городскими службами «спасли ситуацию», проводя бесчисленные ремонтные работы на разорванных морозом системах отопления.

Спасение города способствовало главному достижению того периода – сохранению в тяжелых условиях научного и технического потенциала бывшего СИПа и созданию на его основе институтов Национального ядерного центра РК. И эта задача была решена. Созданные институты и по сей день успешно продолжают работать. Многие направления научной деятельности, начатые и развитые в те годы, до сих пор сохранили свою актуальность и получили в настоящее время дальнейшее развитие.

Именно в те времена было налажено сотрудничество НЯЦ РК с организациями и институтами Японии. Именно тогда были подписаны первые коммерческие контракты, благодаря которым мы не только сохранили свой приоритет по тяжелым авариям, но и вошли в число мировых лидеров в этом направлении.

— От ученых-ядерщиков я слышал такое мнение: если бы в Советском Союзе на должном уровне занимались исследованием поведения реакторов в экстремальных условиях, вплоть до разрушения активной зоны, чернобыльской аварии можно было бы избежать.

— Это не совсем так. Такие исследования в СССР и в мире проводились с момента зарождения атомной энергетики. Причины чернобыльской аварии – наложение технических недостатков конструкции реактора и человеческих факторов (нарушение регламента). Но аварии на американской АЭС Three Mile Island в 1979 году и Чернобыльской АЭС семью годами позже

sion. The main result of the work of that commission was the document titled «On the Main Directions in the Conversion of the STS into a Research Center of the USSR-Republican Subordination». It was the forerunner of the National Nuclear Center of our country. The main task of the organization was to carry out conversion activities but it also had to fulfill the other, even more important task – to save the city from freezing. In the winter time it was left by military units which served utilities – and the city started «freezing». It was necessary to mobilize technical workers from all NNC institutions, who in cooperation with city services «saved the situation», over and over again repairing heating systems damaged by frost.

The city was saved and it contributed to the solution of the major problem of that period – in the hardest conditions it helped to preserve scientific and technical capacity of the former STS and to create on its base the institutes of the National Nuclear Center of Kazakhstan. And this problem was also solved. The institutes created at that time still work successfully. Many of the research activities initiated and developed in those years have not lost their actuality and got a new impetus for further development.

At that time a cooperation between the NNC organizations and institutions in Japan was established. First commercial contracts were signed, and due to those contracts we not only preserved our priority in severe accidents, but also became one of the world leaders in this field.

— From nuclear scientists I heard an opinion that if the Soviet Union had thoroughly studied the behavior of research reactors in extreme conditions, including the destruction of the core, the Chernobyl accident could have been avoided.

— This is not quite true. Such studies have been carried out in the USSR and in the world since the appearance of nuclear energy. The Chernobyl accident was a result of superposition of technical shortcomings of the reactor design and human factors (violation of the rules). However, the US nuclear power plant accident at Three Mile Island in 1979

вызвали резкий всплеск активности в изучении процессов, сопровождающих «тяжелую» аварию на ядерном реакторе. Важно отметить, что ученые НЯЦа занимаются не исследованием причин возникновения аварии, а исследованием процессов, которые ее сопровождают. И делается это для того, чтобы научиться управлять такими аварийными процессами и минимизировать их последствия. И в этом мы, безусловно, преуспели.

— Почему японцы выбрали именно вас?

— Этому в значительной степени способствовал отказ Казахстана от ядерного оружия, доставшегося ему от бывшего СССР, и закрытие полигона. Но в первую очередь японских специалистов привлекли результаты наших исследований и наши уникальные возможности. Реактор ИГР, например, несмотря на свой «почтенный» возраст, до сих пор признается лучшим в своем классе исследовательских реакторов в мире. Определенную роль в этом сыграла, наверное, и «цена вопроса». Ведь подобные эксперименты на Западе стоили гораздо дороже.

— Назовите, пожалуйста, наиболее значимые проекты, которые удалось осуществить вместе с японскими коллегами за эти годы.

— За прошедшее двадцатилетие в РГП «НЯЦ РК» совместно с японскими организациями было реализовано несколько крупных и уникальных с технической точки зрения проектов. Первым был проект COTELS. В его рамках совместно со специалистами компаний Nupec и Marubeni были выполнены сложные исследования процессов, сопровождающих «тяжелую» аварию на легководном энергетическом реакторе с плавлением активной зоны. Эксперименты проводились на специально разработанном для этих целей стенде ангара и реакторе ИГР. Была получена очень ценная информация, которая подтвердила возможность смягчения последствий и управления тяжелой аварией на АЭС. К чести полученные нами результаты по взаимодействию расплава активной зоны реактора с водой, бетоном и металлическими конструкциями получили широкое международное признание.

Не менее важен совместный с Агентством по атомной энергии Японии (JAEA) проект EAGLE, который также посвящен решению ключевых проблем безопасности АЭС, но уже для созда-

and the Chernobyl accident seven years later caused a surge of activity in the study of processes accompanying a «heavy» accident at a nuclear reactor. It is important to note that NNC scientists do not study the causes of the accident, they study the processes that accompany it. And this is done in order to learn how to control emergency processes and to minimize their effects. And undoubtedly we succeeded in this area.

